

Г.Б. Ракишева<sup>1</sup>, М.А. Кененбаева<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар, Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ МАҢЫЗДАЛЫҒЫ

*Аңдатпа*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында кері байланыстың маңыздылығы баяндалған. Кері байланыс жүйесінің мақсаты мен міндеттері айқындалған. Зерттеу барысында кері байланыстың жұмыс құралдары мен тиімді әдістері анықталды. Кері байланыс барысындағы қағидаттар құрылды. Сонымен қатар, кері байланыс мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы, мұғалім мен ата-ана, ата-ана мен баласы арасында жүретін кері байланыс анықталып, зерттеу жұмысы жүргізілді. Бұл зерттеу барысында мұғалімге де оқушының қателіктері мен олқылықтары белгілі болып, түзету жұмыстары туралы жазылды. Ең бастысы кері байланыстың теориясы мен тәжірибелік жұмысы ұштастырылды. Кері байланыс оқушы үшін өте маңызды болып табылады. Себебі, кері байланыстың көмегімен оқушының уәжін тудырып, оқуда нәтижеге қол жеткізетін бір жолы болып табылады. Оқушы, мұғалім және ата-ана үшін кері байланыс болған кезде оңтайлы өзгерістер байқалады.

**Түйін сөздер:** пікір, сыншы, бейресми, ресми, құндылық, қиындық, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, мұғалім, оқушы, ата-ана, позитив, уәж, бөлім бойынша бақылау, рубрика, тоқсандық бақылау жұмысы, бағалау критерийі, дискриптор, кері байланыс, нәтиже.

G.B. Rakisheva<sup>1</sup>, M.A. Kenenbaeva<sup>2</sup>

<sup>12</sup> Pavlodar State Pedagogical University  
Pavlodar, Kazakhstan

## SIGNIFICANCE OF FEEDBACK IN THE PROCESS OF TEACHING AT ELEMENTARY SCHOOL

*Abstact*

The article describes the significance of the feedback of primary school students in the learning process. The goals and objectives of the feedback system are defined. The study identified working tools and effective feedback methods. In the course of the feedback, principles were formed. Also, research work was carried out, during which the feedback was revealed between the teacher and student, student and student, teacher and parent, parents and children. In the course of this study, errors and omissions of the student were identified for the teacher, corrective work was written. Most importantly, a practical feedback lesson was demonstrated. Feedback is very important for the student. After all, with the help of feedback, you can achieve success in school, causing student motivation. It has been proven that there were optimal changes in feedback for the student, teacher, and parent.

**Keywords:** feedback, opinion, criticism, informal, official, value, difficulty, pair work, group work, teacher, student, parent, positive, result, success.

Г.Б. Ракишева<sup>1</sup>, М.А. Кененбаева<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Павлодарский государственный педагогический университет  
г. Павлодар, Казахстан

## ЗНАЧИМОСТЬ ОБРАТНОЙ СВЯЗИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

### Аннотация

В статье изложена значимость обратной связи учащихся начальных классов в процессе обучения. Определены цели и задачи системы обратной связи. В ходе исследования были выявлены рабочие средства и эффективные методы обратной связи. В ходе обратной связи были сформированы принципы. Также была проведена исследовательская работа, в ходе которой была выявлена обратная связь между учителем и учеником, учеником и учеником, учителем и родителем, родителями и детьми. В ходе этого исследования для учителя были выявлены ошибки и упущения ученика, написаны корректирующие работы. Самое главное было продемонстрировано практическое занятие обратной связи. Обратная связь очень важна для ученика. Ведь с помощью обратной связи можно добиться успеха в учебе, вызывая мотивацию ученика. Было доказано, что для ученика, учителя и родителя были оптимальные изменения в обратной связи.

**Ключевые слова:** обратная связь, мнение, критика, неофициальная, официальная, ценность, трудность, парная работа, групповая работа, учитель, ученик, родитель, позитив, результат, успех.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «*Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезектеоның білімдік деңгейімен айқындалады*», -деп айтылған. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында», -деп атап көрсеткен болатын [1].

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасынан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, сенімді *сыни пікір-көзқарастары* жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды [2, б.5].

Білім беру жүйесінде оқушылармен жұмыс жасау барысында ортақ мақсатымыз – олардың оқу материалын түсініп, өмірде қолдана алуы. Бірақ тапсырманы орындамас бұрын оқушы стандартқа сай нені білу керек. Сабақ барысында оқушылар тақырыпты меңгергеннен кейін оқушының нені түсініп, нені түсінбей қалғанын білмейміз. Мәселен, уақыттың аздығынан оқушылардың олқылықтар мен түсінбеушіліктерін анықтай алмаймыз. Сол себептен оқушылардың нақты тақырыпты меңгергенін, қателіктері мен олқылықтарын тек кері байланыстың көмегімен зерделей аламыз.

*Кері байланыс* (ағылшын. feedback) – адамның өзі куә болған оқиға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. «*Сырт көз – сынышы*» дегендей, мұндай сырт пікірдің өз әрекеттерін реттеуге, жақсартуға тигізетін септігі өте жоғары. Сол сепепті бүгінде кері байланыс үйретудің (білім алу жүйесінің) маңызды ұғымы деп есептеледі. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер әсіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу ісінде өте құнды болып табылады [3. б, 76].

Стандартты білім беру барысындағы кері байланыс жүйесінің мақсаты:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен тиімді мүмкіндіктерін қарастыру;
2. Жүйелі түрде кері байланыс жүргізу;
3. Сапалы бағалаудың құралдарын, қағидаттарын анықтау;
4. Кері байланысты қолжетімді, нақты және үздіксіз жүргізуді жоспарлау;

Стандартты білім беру барысындағы кері байланыс жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Сапалы бағалау құралдары және қағидаттарымен жұмыс жүргізу;
4. Кері байланысты әділ және үздіксіз жүргізу;

Кері байланыс құралдары:

-бақылау;

- сұрақ-жауап;
- жазбаша түсініктемелер;
- ашық сұрақтар;
- оқушының күнделігі;
- оқушының дәптері;

Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналарға ұсынылған). Мұндай кері байланыс бейресми түрде ауызша бағалаудан бастап ресми жазбаша тестілерге дейін түрленуі мүмкін, бірақ негізгі мақсат оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму, мысалы, білім, түсінуі және дағды туралы хабар беру болып табылады [4. б, 92].

Білім беру барысында кері байланыстың қағидаттары құрылды:

1. Оқушының нақты не істейтіні туралы айту;
2. Баға бермеу;
3. Біреуді мысал ретінде келтірмеу;
4. Позитив 80% нақты 20% болу;

Біріншіден, тапсырманың шарты, дискрипторы оқушыға түсінікті, әрі нақты болуы қажет. Екіншіден, мұғалім оқушыны бағаламауы керек. Тек оқушының уәжін тудырып, білім сапасы көрсеткішін арттыру мақсатында жол көрсетуі тиіс жұмыстар жасалатын анықтадық. Үшіншіден, біреуді мысал келтіруге немесе салыстыруға тыйым салынады. Себебі, бес саусақ бес түрлі, дәл солай әр оқушы өз қабілетімен ерекшеленеді. Төртіншіден, кері байланыс барысында позитив 80% пайыз, яғни оқушының кішігірім жетістігін анықтап, тауып мақтау керек. Себебі, тек мақтау, мадақтаудың көмегімен оқушының уәжін тудыруы барсыныда оқушы пәнге деген қызығушылығы арттырылды. Сол кезде кері байланыс тиімді болып табылды. Келесі нақты 20% пайыз болуы қажет. Кері байланысты позитивпен бастау керек. Содан кейін нақты кері байланыс беру абзал.

Кері байланыс әдісін 3 түрге бөліп алдық:

- 1) Сигнал (белгі)
- 2) Ауызша
- 3) Жазбаша

Кесте 1 - Кері байланыс әдісінің түрлері.

Белгі	Ауызша	Жазбаша
«Басбармақ» әдісі «Плюс - минус-қызықты» әдісі «Бағдаршам» әдісі және т.б.	«Мадақтау сэндвичі» әдісі «Бес саусақ» әдісі (Алан Лэйкен) «Чемодан, ет тартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі «Үш минуттік кідіріс» әдісі және т.б.	«БББ» кестесі «INSERT» немесе «түртіп алу» әдісі «SMS» әдісі ЭССЕ немесе ОЙ ТОЛҒАНЫС әдісі “Аяқталмаған сөйлемдер” әдісі «Дербес пікір» жазу әдісі «Көңіл қоржыны» әдісі және т.б.

Кері байланыс үш түрде жүреді. Ол белгі, ауызша және жазбаша. Кері байланыстың өзін екі түрге бөлдік. Оңай және күрделі. Оңай кері байланыс белгі бойынша жүргізіледі. Күрделіге ауызша және жазбаша. Оңай кері байланыс тек белгі арқылы жүреді. Оқушылар сөйлемейді. Бірақ оқушылар бақылайды, сынайды, критерийге сай белгі арқылы бағалайды.

Бірінші сыныптың бірінші жартыжылдығында кері байланысты белгі арқылы берген абзал. Себебі, балалардың тілдік қоры аз, жаза алмайды. Бірінші сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап ауызша, содан кейін жазбаша өткізу тиімді болып табылады. Өйткені, ауызша уақыт бойынша тиімді және оқушылардың барлығы тыңдап, келесіде осындай қателіктерді жібермеуге тырысты. Сонымен қатар, бейресми кері байланыс барысында оқушылардың сөздік қоры молайды. Оқушылар бір-бірін тыңдап, кері байланыс беріп үйренеді.

Кері байланыс мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, мұғалім – ата-ана және де ата-ана мен бала арасында жүреді. Кері байланыстың оқушыға маңызы өте зор. Себебі, тек кері байланыс арқылы ол өзінің қателері мен олқылықтарын түсініп, өзін алға жетелейтін күрделі жұмыс барысы деп есептейміз.

Кері байланыс жүргізу және үйрету барысы көп уақыт алады. Бірақ ең бастысы бұл кері байланыс барысы көмегімен оққылықтармен жұмыс жасап, оқушының уәжін тудыра аламыз. Сонымен қатар, өзгені және өзін бақылай, бағалайды. Кері байланысты зерттеу барысында мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы, мұғалім мен ата-ана және ата-ана мен оқушы арасында теориялық бөлім аясында тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс барысы: мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс сабақ барысында жүреді. Мұғалім кері байланысты үй тапсырмасын тексергенде, жаңа тақырыпты меңгергенде, тақырыпты бекіткенде жүргізеді. Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс үздіксіз, яғни жыл бойы жүргізіледі. Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысын зерттегенде, мынадай нәтижеге қол жеткіздік.

Кері байланыс арқылы мұғалім:

- оқушылардың білімін игеру және дамыту процесінің толықтығы динамикасын жасап, бақылады;
- пән бойынша білім сапасының көрсеткіші жоғарылайды;

Кері байланыс барысында оқушылар:

- оның жұмысына үнемі кері байланыс берілді;
- қателіктерді түзетуге арналған кеңестер айтылды;
- жаңа идеялар туындады;

Тиімді кері байланыс орнату үшін оқушы өзі үш сұраққа жауап беру керек:

1. Мен қай кезеңдемін?

(оқушы бағалау критерийі бойынша қандай сатыда тұрғанын немесе қанша балл алғанын анықтады).

2. Мен нәтижеге қалай жетемін?

(оқушыға берілген кері байланыс бойынша шешу жолын іздеп, жоспар құрды).

3. Оққылықтарды түсініп, түзету үшін қандай жұмыс жасау керек?

(оқу, мазмұндау, ереже мен формуланы жаттау және т.с.с.).

Әр оқушы осы үш сұраққа жауап бере отырып, оқушы өзіндік талдау жасай алды.

Үздіксіз кері байланыс жүргізу барысында сапалы білім көрсеткіші анықталды. Бірақ бұл жұмыс барысында құндылықтар мен қиындықтар да кездесті.

Кесте 2 - Кері байланыстың құндылықтары мен қиындықтары анықталды.

	Құндылықтар	Қиындықтар
Мұғалім	-тиімді кері байланыс; -оқушылардың оқуға белсенді қатысу;	-бағалау стереотиптерін өзгерту; -сабақтың барысы мен кезеңдерін ұтымды жоспарлау;
Оқушы	-бақылаудың көмегімен өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы; -өздерін және басқаларды бағалай алу;	-бағалаудың нақты өлшемдерін (дискриптор, бағалау критерийі) жасау; -өз ойын ортаға салуды, бағалауды дамыту;
Мұғалім мен оқушы	-оқуды болжау; -бағалау кезінде ұстамды болу; -тек мұғалім бағаламау;	-дискрипторды топта, жұпта, оқушылардың өздеріне құруға үйрету;

Осы зерттеу барысында қиындықтардың көмегімен құндылықтарды арттыра алдық. Мұғалім тиімді кері байланыстың көмегімен оқушыны жетістікке бағыттау жолын көрсетті. Оқушы кері байланыс барысында оқушы өзгелердің жұмысын талдайды. Ал мұғалім мен оқушы жұмысты бағалау барысында тек мұғалім емес, оқушылар өздерін және бірін-бірі бағалай алатындай жағдайға жетті.

Бұл бағалау критерийі мен дискриптор оқушының қателіктерімен жұмыс жасады. Кері байланыс оқушының білім сапасының нәтижесін жоғарлатуға үлкен мүмкіндік. Оқушы тоқсандық бақылау жұмысына дейін түзету жұмыстарын жасап, дайындалып алды.

Сабақ барысында оқушылар тапсырмаға дискриптор құруды үйренді. Дискриптор тапсырманың қадамы болып табылады. Сонымен, 4-сыныптың математика пәнінің 3-бөлім «Қозғалысқа, өнімділікке берілген есептер» бойынша орындалған тапсырмасы.

№10. а) Есепті шығар.

А пунктiнен бiр уақытта жеңiл мәшiне 90 км/сағ жылдамдықпен және жүк көлiгi 60 км/сағ жылдамдықпен бiр бағытқа қарай жолға шықты. Екi сағаттан кейiн олардың арақашықтығы қандай болады [5. б, 45].

Кесте 3 - Оқушының шығарған есебiмен дұрыс жауабының салыстырмалық талдауы.

Оқушының жауабы	Дұрыс жауап
а) Шарты: $V_1 = 60$ км/сағ $V_2 = 90$ км/сағ $t = 2$ сағ $S = ?$ км Шешуі: 1) $V_{\text{жәк}} = V_2 - V_1 = 90 - 60 = 30$ км/сағ 2) $S = V_{\text{жәк}} \cdot t = 30 \cdot 2 = 60$ км/сағ Жауабы: Екi сағаттан кейiн олардың арақашықтығы 15 км болды.	а) Шарты: $V_1 = 60$ км/сағ $V_2 = 90$ км/сағ $t = 2$ сағ $S = ?$ км Шешуі: 1) $V_{\text{жәк}} = V_2 - V_1 = 90 - 60 = 30$ км/сағ 2) $S = V_{\text{жәк}} \cdot t = 30 \cdot 2 = 60$ км/сағ Жауабы: Екi сағаттан кейiн олардың арақашықтығы 60 км болды.

Бұл кестеде оқушының жауабымен дұрыс жауап салыстырылды. Тапсырманы орындау барысында қателiктер жiберiлдi. Мұғалiм сынып жұмысында орындалған тапсырманы тексердi. Тексергеннен кейiн оқушыға бағалау критерийiне сай керi байланыс бердi.

Кесте 4 - Тапсырмаға сай оқушылар құрасытырған бағалау критерийi.

Бағалау критерийi	Тапсырма №	Дискриптор
Қуып жету қозғалысына берiлген есептi шығарады	1	есептiң қысқаша шартын құрады;
		жәкiндету жылдамдығын табу өрнегiн құрады;
		өрнектiң мәнiн табады;
		арақашықтықты табу өрнегiн құрастырады;
		өрнектiң мәнiн табады;
Барлығы		есептiң жауабын жазады;

Тапсырманы орындамас бұрын оқушылар тапсырмаға дискриптор құрастырды. Дискриптордың көмегiмен оқушылар тапсырманы дұрыс орындады. Бiрақ тапсырма орындау барысында бiр оқушыформуланы бұрыс қолданды. Сондықтан, шешуi мен жауабы бұрыс болып шықты.

Керi байланыс беру барысында позитивтен бастап, тапсырма аясында тiлек айтып/жазып, алға жетелеу мақсатында оқушыны уәждеу керек. Сол уақытта оқушының қызығушылығы артады. Мұғалiм оқушының iзденiп, жұмыс жасауына жол ашады.

Мұғалiм оқушыларға әр тапсырма орындағанда керi байланыс бередi. Керi байланыстың көмегiмен оқушы өзiн алға жетелейдi.

Оқушы мен оқушы арасындағы керi байланыс процессi: Оқушы мен оқушы арасындағы керi байланыс жұптық және топтық жұмыс арасында өттi. Жұптық жұмыс арасында ауызша және жазбаша жүргiзiлдi. Жұптық жұмыс кезiнде керi байланыс екi оқушыға да маңызды болып табылады. Себебi, керi байланыс берген бiрiншi оқушы екiншi оқушының жақсарту мақсатында берсе, бiрiншi оқушы мұндай қателiктердi жiбермейдi. Ал топтық жұмыс кезiндегi керi байланыс ауызша тиiмдi болып келдi. Өйткенi, топтар жұмыстарын ұжымға қорғағандықтан келесi топ керi байланыс берген кезде ұжым тындап, қорғалған топқа әдiл, әрi нақты баға берiп жатқаны ұжымға белгiлi болу керек.

Керi байланыстың өзара бақылау әдiстерi:

*Жұппен жұмыс.* Бұл ең көп тараған әдiс. Мұғалiм оқушыдан дәптердегi жаттығуды жұбымен бiрге жүргiзудi, теориялық бiлiмiн сұрай алады. Бұл әдiс жаңа және қайталау материалдарын игеруге, бақылауға, тексеруге мүмкiндiк бередi. Одан басқа жұбымен жұмыс жасай отырып, оқушы жұмыстың алгоритмiн еске түсiредi. Бұл оған да пайдалы болып табылады. Өйткенi жұпта өзара тексеру сабақтың кез-келген кезеңiнде жүргiзiлуi мүмкiндiк бередi. Яғни үй тапсырмасын тексеру, жаңа тақырыпты бекiту және қайталау кезеңдерiнде өткiзу тиiмдi болып табылады.

*Топпен жұмыс.* Бұл әдістің де нұсқалары өте көп. Бір жалпы тапсырма әр топқа беріледі. Оқушылар тапсырманы бірге шешіп, бір уақытта орындайды. Топтық жұмыс тиімді, сапалы болу үшін, топтағы адам саны аз болмауы керек. Топта 3-5 оқушы отырса ықтимал. Себебі, топтағы оқушылар бір мақсатты көздейді. Егер топта одан да көп оқушы болса, онда топ ішінде отырған кейбір оқушылардың белсенді жұмыстардан тыс қалады.

Әр оқушы өзі таңдаған, табысталған бір жұмыс атқарады мысалы, 1-оқушы сыншы, 2-оқушы спикер, 3-оқушы таймкипер, 4-оқушы идея тастаушы немесе т.с.с. Тағы бір айтып кететін жайт оқушылар түзетулерді негіздей алмайды. Сондықтан, өзара бақылау кезеңінде мұғалімнің жетекшілігімен барлық сыныптың ұжымдық жұмыспен басталуы дұрыс шешім деп есептейміз. Осылайша, пән мұғалімдері өзара бақылау және тексеру әдістерін тәжірибеге еңгізе отырып, оқушыларды мектептегі келесі қиын кезеңге өзін-өзі бақылау және интроспекция дағдыларын дамытуға дайындалады.

Мұғалім мен ата-ана арасындағы кері байланыс барысы: Әр тоқсанда 1-3- бөлім бойынша бақылау жұмыстары (БЖБ) өткізіледі. Оқушылар БЖБ орындаған соң мұғалім бағалау критерийі бойынша тексереді. Содан мұғалім бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикасын беріп жібереді. Рубрика дегеніміз – оқушының бөлім бойынша бақылау жұмысының нәтижесі. Сонымен қатар, мұғалім мен ата-ана арасындағы кері байланыс құралы. Рубриканың нәтижесі бойынша ата-ана баласының бөлім бойынша оқу жетістіктерімен танысады. Тоқсандық бақылау жұмысынан жоғары балл алу мақсатында баласы қатемен жұмыс жасап, ата-анасы қадағалайды. Сонымен ата-ана баласын тоқсандық бақылау жұмысына дайындайды. Ата-ана баласын бөлім бойынша бақылау жұмысын дайындағаннан баласының пән бойынша балдық көрсеткіші жоғарлайды. Себебі, 1-3-бөлім бойынша жүргізілген тапсырмалар аясында тоқсандық бақылау жұмысы өткізілді.

4-сыныптың математика пәнінен 2-тоқсандағы «Есеп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.

Есепті шығар.

Арақашықтығы 380 км екі ауылдан бір мезгілде велосипедші мен мотоциклші бір-біріне қарама-қарсы шықты. Олар 5 сағаттан кейін кездесті. Мотоциклшы 60 км/сағ жылдамдықпен жүрсе, велосипедші қандай жылдамдықпен жүрген?

Кесте 5 - Тапсырманың бағалау критерийі мен дискрипторы.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дискриптор	Балл
Кездесу қозғалысына берілген есептерді шығарады	1	екінші дененің жүрген жолын анықтау өрнегін құрады;	1
		өрнектіңмәнінтабады;	1
		бірінші дененің жүрген жолын анықтау өрнегін құрады;	1
		өрнектіңмәнінтабады;	1
		бірінші дененің жылдамдығын табу өрнегін құрады;	1
		өрнектіңмәнінтабады;	1
		есептің жауабын жазады	1
		шығару жолын көрсетеді	1
Барлығы			8

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын орындағанда оқушыға тапсырманың дискрипторы берілді. Дискриптордың көмегімен оқушылар тапсырманы жоғары балға орындаудажол ашылды.

Сонымен «Есеп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика берілді.

Кесте 7 - Ата-анаға арналған рубрика.

Бағалау критерийі	№	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Кездесу қозғалысына берілген есептерді шығарады.	1	Кездесу қозғалысына берілген есептерді шығаруда киналады.	Есептің шартын кұруда/бірінші немесе екінші дененің қашықтығын/жылдамдығын анықтауда/өрнектің мәнін табуда қателіктер жібереді.	Кедесу қозғалысына берілген есептерді дұрыс шығарады.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмасы орындалып, мұғалім тапсырмаларды бағалайау критерийімен бағалады. Содан кейін мұғалім ата-анаға баласының білім нәтижесін рубриканың көмегімен ұсынды.

«Математика» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары.

Бір қаладан бір мезгілде қарама-қарсы бағытта екі автобус жолға шықты. Біріншісі 82 км/сағ жылдамдықпен, ал екіншісі 56 км/сағ жылдамдықпен жүрді. 8 сағаттан кейін олардың арасы қандай болады?

Кесте 8 - Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	$V_1 = 82$ км/сағ $V_2 = 56$ км/сағ $t = 8$ сағ $S = ?$ км	1	Білім алушы есептің сызбасын сызуы да мүмкін.
	$V_{\text{жак}} = 82 + 56 =$ $138$ км/сағ	1	Есептің шешуін бір өрнек түрінде: $(82+56) \cdot 8 = 1104$ (км) немесе алгебралық әдіспен: $(x : (82 + 56) = 8)$ шығарған жағдайда 4 балл қойылады.
	$S = 138 \cdot 8$	1	
	1104 км	1	

Тоқсандық бақылау жұмысында оқушыға бағалау критерийімен дискрипторы және ата-анаға рубрика берілмейді. Себебі, бұл соңғы тоқсандық бақылау жұмысы. Оқушының білімі 3 БЖБ мен 1 ТЖБ қортылады.

Ата-ана мен баласы арасындағы кері байланыс барысы: Ескі бағдарламамен оқығанда ата-ана баласын мектептен алып, үйге қайтып бара жатып «Бүгін неше алдың?», «Қандай баға алдың?», - деген сұрақ қоятын. Бірақ бұл сұрақтар бала үшін тиімсіз болып келетін. Себебі, бұл сұрақтар баланы алға қарай жетелемейтін. Тіпті баланың өз-өзіне деген сенімін төмендететін.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында ата-ана оқушы арасында кері байланыстың тиімді үш сұрағы құрастырылды:

- 1) Бүгін неге үйрендің?
- 2) Не қиын болды?
- 3) Қиындықты жеңу үшін, өзіне қалай көмектесе аласың?

Содан кейін әр ата-ана өзінің баласына нақты пән, бөлім немесе тақырып аясында көмек бере алды. Бұл сұрақтарды қойғаннан кейін оқушының білімге деген ізденісі, құштарлығы мен ынтасы пайда болды.

Қорыта келгенде, зерттеу барысында мындай тұжырымға келдік – кері байланыс берудің мақсаты мен міндетін анықталды. Сонымен кері байланыс жүргізу барысында құралдары, әдістері, қағидаттары мен бақылау әдістерін зерттеу барысында мұғалімге де, оқушы мен ата-анаға да оң әсер етті. Себебі, мұғалім оқушылармен де ата-аналармен де кері байланыс жүргізу барысында оқушылардың уәжін дамытып, білімге құштарлығын оятты.

Оқушылардың қателіктері жойылды. Өйткені, кері байланыстың көмегімен оқушылардың олқылықтарымен жұмыс жасалды. Ата-анаға баласының деңгейі туралы ақпарат беру барысында ата-ана баласымен олқылықтарды жою үшін жұмыс жасады.

Сонымен, зерттеу барсында кері байланыстың көмегімен оқушылардың олқылықтарының жойылғанына көз жеткіздік.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. <http://www.zkoipk.kz/ru/b1/356-conf.html>

2. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат, Нұр-сұлтан 2019 Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы 2019-2020 оқу жылы - 438 бет.

3. Әлімов А.Қ. *Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану [Мәтін]. Оқу құралы / А.Қ.Әлімов Асхат Қамзаұлы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет. ISBN 978-601-7417-48-2.*

4. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016 жыл. – 170 бет.

5. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған оқулық. 3-бөлім/Ә.Б.Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019.-160 б., суретті.

МРНТИ 14.25.01

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.73>

*А.Калыкбаева<sup>1</sup>, А.К.Сатова<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>КазНПУ имени Абая*

**ОРГАНИЗАЦИЯ САМООЦЕНИВАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ООП В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБУЧЕНИИ НА ОСНОВЕ ПРИНЦИПА SMART (НА ПРИМЕРЕ УРОКОВ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ)**

*Аннотация*

В этой статье представлена технология организации самооценивания в инклюзивном образовании в начальной школе. Авторы рассматривают самооценивание как целостный процесс, в котором достижение учебных целей реалистичны, если основаны на принципе SMART. Особое внимание авторы статьи уделяет тому, что целью оценочной деятельности является контроль успеваемости учащихся и формирование у них адекватной самооценки, на что большое влияние оказывает педагог. При этом самооценивание должно способствовать изменению отношений между всеми участниками образовательного процесса, сделав его более открытым, так как самооценочные умения младшего школьника дают возможность самостоятельно ставить цели и задачи, устанавливать причины затруднений, проводить работу по исправлению ошибок.

**Ключевые слова:** самооценивание как процесс, самооценочные навыки – результат, адекватная самооценка, обучающиеся

*А.Калыкбаева<sup>1</sup>, А.К.Сатова<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ*

**SMART ҚАҒИДАТЫ НЕГІЗІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ (БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКА САБАҒЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада бастауыш мектепте инклюзивті білім беруде өзін-өзі бағалауды ұйымдастырудың технологиясы ұсынылған. Авторлар өзін-өзі бағалауды SMART қағидатына сүйене отырып, білім беру мақсаттарына жету нақты болатын тұтас процесс ретінде қарастырады. Мақала авторлары бағалау іс-әрекетінің мақсаты оқушылардың үлгерімін, бақылау және оларда өзін-өзі бағалауды қалыптастыру болып табылады, бұл мұғалімге үлкен ықпал етеді.

Сонымен бірге өзін-өзі бағалау оқу процесінің барлық қатысушыларының арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне ықпал етуі керек, өйткені оны неғұрлым оқушының өзін-өзі бағалау